

«Порядок и право» №21 (549) 28 мамыр 2015ж.

Келер күннің кемел келбеті

Отанымыз Қазақстанның егемендік алғаннан бері келбеті кіріп кемелдене бастағанына да міне жиырма үш жылдың жүзі болыпты. Аттай тулап өте шыққан жиырма үш жылда Қазақстанда қандай өзгерістер, жетістіктер, кемшіліктер орын алғанын, көзкөргендер күнделікті ақпарат құралдары, көгілдір экраннан да, ғаламтордан да өздерінің мақтаулары мен сындарын жасырмай жазып та, айтып та жатқаны белгілі. Шынымен де осы бүгінгі Қазақстан қандай деген сұраққа өз ой-пікірімді ой елегінен өткізіп ортаға салғанды жөн көрдім. Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылдан бері Қазақстан халқына Жолдау жасап, онда айтылатын мәселелер, көрсетілген нақты тұжырымдар, ел дамуының саяси, әлеуметтік межелері айқындалып отыратындығы тұрақты дағдыға айналды. Әр Жолдаудың маңызы бір-бірінен кем түспейді, керісінше, Қазақстан халқының кемел келешегі, баянды да бақуатты тұрмысы мақсатында атқарылатын жұмыстардың бағдары мен тетігін қолға ұстағандай етіп көрсеткен жолдаулардың маңызы артып келеді. Бұған сол стратегияның алғашқы онжылдығын қорытындылаған көрсеткіштер дәлел болаалады. Қоғамымыздың дамуының болашағы терең сараланып барып ғылыми тұрғыдан болжанған экономикалық саясаттың дұрыстығы жыл өткен сайын айшықталып, тіпті кейбір негізгі көрсеткіштер бойынша межелік мерзімінен бұрын қол жеткені бұлтартпас шындық. Соңғы жолдауларда экономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып және әлемді шарпыған қаржы дағдарысының қыспағынан халықты қалай аман алып шығудың нақты жолдары, алға дамудың жаңа сатылары белгіленіп еді. Соның нәтижесінде дүниежүзілік сарапшылардың қорытындысы бойынша еліміздің экономикалық көрсеткіші жоғарылап, дамыған мемлекеттердің сапынан берік орын алды. Елбасымыздың соңғы, яғни «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында елдің ілгері басуының жолдары, қандай ауқымды іс-шаралар жасақталып, басшылыққа алынатын, қол жеткізітін асулар айтылған. Бұл айтылғандардан Елбасымыздың жолдауларының қандай нақты маңызы бар екендігі, оны жасақтағанда қандай нақты дәлелденген тұжырымдарға сүйенгендігі, бір сөзбен айтқанда,

Әрбіротандастарымыздың өміріне тікелей байланысты атқарылуы тиіс өзекті мәселелерді қолға ұстатқандай деректілік бар екендігі көрініп ақ тұр. Соның ішінде әсіресе, жолдаудағы Елбасымыз ерекше атап көрсеткен мына сөйлемді келтіріп кетуді жөн санадым «Мен өзімнің тәжірибемнен алдын ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдеросы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады». Елбасымыздың бұндағы айтпағы Ел бірлігі, яғни толысқандық жаһандық сыннан өту үшін біздің топтаса білуіміз қажет, жұмылған жұдырықтай болып қарсы соққы жасауымыз керек сонда ғана Мемлекетімізде Тұрақтылық пен келісім орнап еліміз бейбітшілікте, тоқшылықта өмір сүретін ұлттық идеямыз Мәңгілік Елге біртіндеп болсын қадам басатын боламыз. Мәңгілік Ел Идеясының тым тереңде жатқандығын, сонау 13 ғасырда Тоныкөк абыз Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел деген өсиетін айта келе, ұлттық идеямыз да мемлекетіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастауалатындығын аңғартты. Тарих бұл біздің тіліміз, дініміз, ұлттық салт-дәстүріміз. Осындай құндылықтарымыздың, Тәуелсіздігіміздің қандай жолмен, кімдердің арқасында жеткендігін болашақ ұрпақ бойына сіңіре білуіміз қажет. Егемендік пен мемлекеттілік сонда ғана нығаяды, ел халқында өзара сенімділік пен отаншылдық сезімі арта түседі. Қазіргі алмағайып заманда тар ұлттық мүддені ысырып қойып, жалпыұлттық мүддені, азаматтық сана-сезім мен халықтық ұстанымды, ұлттық идея мен мемлекетшіл идеологияны дамытқан ел ғана өзінің тәуелсіздігі мен егемендігін, территориялық тұтастығы мен конституциялық құрылысын сақтауға қабілетті. Халқының ауызбіршілігі бар, ынтымағы жарасқан бірегей ел ғана терроризм, экстремизм, агрессия, экспансия, ғаламдану, дағдарыс сияқты толып жатқан жаһандық сипаттағы қауіп-қатерлердің бәріне төтеп бере алады. Тәуелсіздігіміздің тұғырын көкке көтеретін де, кемел келешектің кілті де ауызбіршілікте, ұлт аралық татулықта. Әрбір қазақстандыққа қаратылып айтылған бұл Жолдау – біз үшін өз еңбегіңнің сапасы мен қайтарымын арттыруды көздейтін тікелей тапсырма. ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының «Нұрлы Жол» торабына қосар үлесі, міндеті қандай? Жол мақсаты жету дегендей «Нұрлы

Жолдың» алға қойған масатына сүрінбей, адаспай жету үшін, әрбір қазақстандық азамат теңіз тамшыдан құралады дегендей тамшыдай болса да, өз үлесімізді, еңбегімізді аянбау керекпіз. Соның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерініңтигізер үлесі, міндеті өте зор. Біздің негізгі міндетіміз ұстаз ретінде білімді де білікті әрі жаңаша ойлай алатын, мәдениетті, тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін түсінетін, ел тыныштығын қорғайтын өз ісінің майталман кадрларын даярлауға тікелей қатысымыз бар деп толық сеніммен айта аламын. Осы ретте игі әрі ортақ жетістікке жету жолында бар күш-жігерімізді саламыз. Бізге басқа ештеңе де қажет емес. Ең бастысы, ұлан-ғайыр жерімізді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған батыр бабаларымыз аңсаған тәуелсіз Қазақстанымыздың тыныштығы, өркениетті елдердің өзі қызығатындай қарышты қадам мен кемел келбеті!!! Ел үшін туған Елбасы аман болсын. Елін сүйген ерлер жанынан табылып алға қойған мақсаттар жүзеге асырыла берсін.

Жәнібек Сабырбеков
Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
педагогика және психология
кафедрасының оқытушысы
полиция аға лейтенанты